

АҚШ елшісімен кездесті

Парламент Сенатының Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ-тың Қазақстандағы елшісі Джордж Кролдың оның дипломатиялық қызметінің аяқталуына байланысты қабылдады, деп хабарлады Сенаттың баспасөз қызметі.



Қ.Тоқаев америкалық елшінің екіжақты қатынастарды дамытудағы елеулі үлесіне тоқтала келіп, Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Вашингтонға

биылғы қаңтардағы ресми сапарының тарихи маңызын атап өтті. «Қазақстан мен АҚШ арасындағы XXI ғасырдағы кеңейтілген стратегиялық әріптестік туралы

бірлескен мәлімдеме» Президент Д.Трамппен келіссөздердің аса маңызды нәтижесі болды.

Парламентаралық байланыстарды одан әрі дамытудың маңызы туралы айта келіп, жүзесушілер парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайту қажеттігін атап өтті. «Америкалық сенаторлар, конгресшілер мен Парламент Аппараттарының қызметкерлері көбірек келген сайын АҚШ Қазақстан туралы, біздің еліміздің ішкі және сыртқы саясаты туралы көбірек біле түсетін болады», деді Қ.Тоқаев. Тараптар Қазақстан мен АҚШ арасындағы ынтымақтастық пен әріптестіктің стратегиялық сипаты Орталық Азия аймағындағы қауіпсіздікті нығайтудың маңызды бөлігі екенін атап өтті.

Қ.Тоқаев халықаралық ахуалдың ушыға түсуіне орай Қазақстан көшбасшысының шиеленісті шешуге әзірлігін атап өтті. Сенат Төрағасының айтуынша, бейбітшілік, қауіпсіздік, қарусыздану жолындағы ынтымақтастықты нығайту саясаты қағидалық тұрғыда дәйектілікпен, батыл түрде жүргізіле береді.

Қытайдың қаржы саласының өкілдерін қабылдады

Үкімет үйінде Премьер-Министр Бакытжан Сағынтаев ҚХР банк және сақтандыру қызметін реттеу комиссиясының төрағасы Го Шунци бастаған Қытайдың қаржы жүйесінің өкілдерімен кездесу өткізді.

Кездесу барысында екі елдің қаржы жүйелерінің өзара тиімді ынтымақтастығы, оның ішінде «Астана» халықаралық қаржы орталығы аясындағы

өзара іс-қимыл мәселелері талқыланды.

Қытайдың банк және сақтандыру қызметін реттеу жөніндегі комиссиясы 2018 жылдың сәуір

айында Қытайдың банктік және сақтандыру реттеушілерінің бірігуі арқылы құрылды. Екі комиссияның бірігуі соңғы 15 жылдағы Қытайдың қаржы жүйесін реттеудің ең ірі реформасы саналады және Қытайдың қаржылық реттеу қызметінің тиімділігі мен үйлесімділігін арттыруға бағытталған, деп хабарлады Үкіметтің баспасөз қызметі.

Бизнес ортаны жақсарту мәселелері жөніндегі кеңес

Үкімет үйінде Премьер-Министр Бакытжан Сағынтаев бизнес ортаны жақсарту мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

Кеңес барысында бизнесті дамыту және елдегі сауда қызметін реттеу жағдайларын одан әрі жетілдіру мәселелері талқыланды. Атап айтқанда, кәсіпкерлік қызметті жүргізу, келісімшарттар жасау, миноритарлық инвесторларды қорғау, электронды және биржалық

сауда жүйелерін жетілдіру, агроөнеркәсіп кешеніндегі ішкі сауда-саттықты жақсарту, сондай-ақ сыртқы сауданы реттеу мәселелеріндегі ұлттық заңнаманы үйлестіруді көздейтін заңнамалық түзетулер пакеті қаралды.

Ұлттық экономика министрі

Т. Сүлейменов баяндама жасады. Сонымен қатар Премьер-Министрдің орынбасары Е.Досаев, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі М. Әбілқасымов, Әділет министрі М.Бекетаев, сондай-ақ бейнеконференция байланысы арқылы Ұлттық банк төрағасының орынбасары О.Смоляков пікір білдірді, деп хабарлады Үкіметтің баспасөз қызметі.